

**Мемлекеттік бюджеттің қаражаты есебінен орындалатын мемлекеттік тапсырыс туралы үлгі ережелерді әзірлеу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 22 желтоқсан N 1314. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000.11.06. N 1675 қаулысымен. ~P001675

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "1999 жылға арналған мемлекеттік бюджетті әзірлеу үшін Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің бағдарламалары мен кіші бағдарламаларын бекіту туралы" 1998 жылғы 4 тамыздағы N 737 P980737\_ қаулысының 1-тармағын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік бюджеттің қаражаты есебінен орындалатын мемлекеттік тапсырыс туралы үлгі ережелерді әзірлеу жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар мемлекеттік бюджеттің қаражаты есебінен орындалатын мемлекеттік тапсырыс туралы үлгі ережелерді әзірлеу кезінде осы Нұсқаулықты басшылыққа алсын.

2-1. Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері-мемлекеттік мекемелер республикалық бюджеттің қаражаты есебінен орындалатын Мемлекеттік тапсырыс туралы ережені Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісетін болсын. <\*>

ЕСКЕРТУ. Жаңа 2-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 1999.08.17.

N 1169 қаулысымен. P991169\_

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1998 жылғы

22 желтоқсандағы  
N 1314 қаулысымен  
бекітілген

Мемлекеттік бюджеттің қаражаты есебінен орындалатын  
мемлекеттік тапсырыс туралы үлгі ережелерді  
әзірлеу жөніндегі  
Нұсқаулық

Мемлекеттік бюджеттің қаражаты есебінен орындалатын мемлекеттік тапсырыс туралы үлгі ережелерді әзірлеу жөніндегі осы Нұсқаулық орталық және жергілікті мемлекеттік органдарға мемлекеттік тапсырысты қалыптастыру жөнінде әдістемелік көмек көрсету мақсатында әзірленді.

Ережені әр бағдарлама (кіші бағдарлама) үшін әрбір орталық және жергілікті мемлекеттік органдар дербес әзірлейді.

Ереже мынадай тарауларды қамтуы тиіс:

1. Жалпы ережелер

1. Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауын, аталған бағдарламаның (кіші бағдарламаның) қажеттілігі мен дамуын айқындайтын нормативтік құқықтық актілерге сілтемелерді қамтиды.

2. Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) мазмұны

2. Аталған бағдарламаның (кіші бағдарламаның) орындалуын қамтамасыз ететін қаржыландыру кезінде қолданылатын әрбір бағдарлама бойынша, есеп айырысу принциптерінің түрлері бойынша қажетті барлық шаралардың, жұмыстардың және қызмет көрсетулердің сипаттамасын қамтиды. <\*>

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгерді және толықтырылды - ҚР Үкіметінің  
1999.08.17. N 1169 қаулысымен. P991169\_

3. Егер аталған бағдарламаның (кіші бағдарламаның) орындалуы бірнеше жылға есептелсе, онда шаралардың, жұмыстардың және қызмет көрсетулердің сипаттамасы жылдар бойынша бөлу арқылы ұсынылады.

### 3. Мемлекеттік тапсырысты орналастыру

4. Осы тарау мемлекеттік сатып алу туралы қолданылып жүрген заңдарға сәйкес әзірленеді.

5. Жұмыстарды орындауға, қызметтер көрсетуге арналған мемлекеттік тапсырыс конкурстық негізде орналастырылады.

6. Осы тарау, есепке алынатын, тапсырысшы конкурсқа (тендерге) қатысушыларға қоятын шарттар мен талаптарды, тапсырысшы конкурстық тапсырыстың жеңімпазын анықтау кезінде ескеретін өлшемдердің тізбесін көздейді. Осы тарауда айтылуы тиіс негізгі шарттар мыналар болып табылады:

1) тапсырысты орындаушы конкурсқа мынадай ақпаратты қамтитын өтінімді тапсырады:

тапсырысты орындаушының біліктілік мүмкіндіктерін растайтын құжаттар; орындалатын жұмыстардың, қызмет көрсетулердің, орындауға жататын қосымша қызмет көрсетулердің техникалық және сапалық сипаттамалары, көлемі, жұмыстардың қызмет көрсетулердің орындалу мерзімдері;

жұмыстар мен қызмет көрсетулерді орындауға арналған шығыстардың сметасы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгілейтін әдістемелер мен нысандар бойынша экономикалық жіктеудің әр ерекшелігі бойынша есептемелер;

2) мемлекеттік орган тапсырылған құжаттаманың белгіленген талаптар мен шарттарға сәйкестігін тексереді, шығыстардың сметасы мен тиісті есептемелер Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісіледі;

3) мемлекеттік тапсырыстарды орындауға қатысушы қызметкерлерге

еңбекақы есептеу мемлекеттік мекемелердің қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актілердің негізінде жүзеге асырылуы тиіс.

### 4. Мемлекеттік тапсырысты атқарудың өлшемдері

<\*>

7. Бұл тарауда мемлекеттік тапсырыстың сапалы орындалуының көрсеткіштері болып табылатын өлшемдер көрсетіледі.

ЕСКЕРТУ. Жаңа 4-бөліммен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 1999.08.17.

N 1169 қаулысымен.

P991169\_

Оқығандар:  
Орынбекова Д.К.  
Кобдалиева Н.М.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК